

«Досбол LIKE!» жобасы аясындағы «Достық қолын ұсын» акциясы

Жамбыл жалпы орта білім беру мектебінде мейірімділік пен достықты дәріптейтін ерекше шара өтті. Акция барысында педагог-психолог Каримова М.Т. арнайы әзірлеген достық фоторамкасын оқушылар қызығушылықпен пайдаланып, бір-біріне жылы сөздер мен қолдау білдірді.

- Оқушылар фоторамкамен суретке түсіп, достық, бірлік және өзара түсіністік сияқты құндылықтарды насихаттады.
- Мұндай шаралар оқушылар арасында жағымды атмосфера қалыптастырып, жақындық пен қамқорлық сезімін арттыра түседі.

